

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Жылдық есеп	Редакция: I
			6 беттің I беті

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»
КЕАҚ жанындағы 6D110400, 8D10102, 8D140 – «Фармация», 6D074800,
8D07201, 8D119 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықта-
ры бойынша диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕП

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер

Есеп беру кезеңінде Диссертациялық кеңес 4 отырыс өткізді, онда философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды қорғау өтті. Қарастырылған барлық жұмыстар бойынша Кеңес оң шешім қабылдады.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелері жоқ.

3. Білім алу ұйымы көрсетілген докторанттар тізімі

Есеп беру кезеңде қорғаған барлық докторанттар «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-да білім алған:

1. **Аширов Мурат Зулпидинович** (6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы).
2. **Муканова Арайлым Бейбитовна** (6D110400 – «Фармация» мамандығы).
3. **Орынбекова Сауле Оразмукановна** (6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы).
4. **Манасов Нурлен Кыдырбайұлы** (8D10102 – «Фармация» мамандығы).

4. Есеп беру кезеңінде Кеңес қараған диссертацияларға қысқаша талдау

Аширов Мурат Зулпидинович: «Темекі тұқымынан (*Nicotiana tabacum* L.) фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу агроөнеркәсіптік кешен ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған. Қазақстанда алғаш рет *Nicotiana tabacum* L. тұқымдарына кешенді фармакогностикалық және фармацевтикалық-технологиялық зерттеу жүргізілді. Автор экстрактілерді бөліп алу әдістерін (ультрадыбыстық және докритикалық CO₂-экстракция) және суық сығымдау әдісімен май алуды ғылыми негіздеді. Оңтайлы субстанция ретінде таңдалған май түрі *in vitro* және *in vivo* зерттеулерінде айқын микробқа қарсы, антиоксиданттық және қабынуға қарсы белсенділік көрсетті. Жұмыстың нәтижесі темекі тұқымының фитосубстанциясы негізінде жақпа майдың оңтайлы технологиясын әзірлеу, оның сапа көрсеткіштері мен тұрақтылық мерзімдерін белгілеу болды. Ғылыми жаңалығы көмірқышқылды экстракт, 2020-2025

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Жылдық есеп	Редакция: 1
			6 беттің 2 беті

жылдарға арналған кешенді жоспары аясында орындалды. Тақырып «Өмір және денсаулық туралы ғылым» басым бағытына және Мемлекет басшысының берік өнеркәсіптік негіз құру, толық циклді жаңа отандық өндірістер ашу және елдің дәрі-дәрмекпен өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізу жөніндегі міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы енгізулердің кең ауқымымен расталған:

- өндіріске: «Ardo Fito» ЖШС (май алу), «ЖАНАФАРМ» ПЛП ЖШС (CO2-экстракция) және «DOSFARM» ЖШС (технологиялық нұсқаулық пен жақпа май құрамы) базаларында тәжірибелік өндіріске арналған НҚ жобалары мен технологиялық регламенттер әзірленіп, енгізілді. Шикізат дайындау технологиясы «Зерде-Фито» ЖШС-не енгізілді.
- оқу және ғылыми процеске: зерттеу нәтижелері «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ және «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ оқу бағдарламаларына енгізілді.
- экономикалық негіздеме: субстанция мен жақпа май өндірісінің техникалық-экономикалық негіздемесінің жобасы ҚазҰМУ-дың бейінді кафедрасына енгізілді.

Муканова Арайлым Бейбитқызы: «Ақшыл-сары қотыршөп (*Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен жаңа фитопрепараттар әзірлеуді фармацевтикалық негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан флорасының жабайы өсетін шикізатын жаңа бактерияға қарсы және қабынуға қарсы құралдардың көзі ретінде жүйелі зерттеуге бағытталған. Алғаш рет *Scabiosa ochroleuca* L. шөбіне толық фармакогностикалық зерттеу жүргізілді, оның диагностикалық микроскопиялық белгілері анықталды және биологиялық белсенді заттардың (иридоидтар, флавоноидтар) сапалық құрамы белгіленді. Автор қою экстракт алудың түпнұсқалық технологиясын әзірледі және гель мен таблетка түріндегі жаңа дәрілік қалыптардың құрамын ғылыми негіздеді. Әзірленген препараттардың тұрақтылығы мен тиімділігіне кепілдік беретін сапаны бақылау әдістемелері әзірленіп, валидацияланды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы өнертабысқа және пайдалы модельге берілген ҚР 2 патентімен расталған.

Ғылым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы: Жұмыс «Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын» және ҚР фармацевтикалық және медициналық өнеркәсібін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру аясында орындалды. Зерттеу тақырыбы «Өмір және денсаулық туралы ғылым» басым бағытына сәйкес келеді және импортқа тәуелділікті төмендету



мен антибиотикорезистенттілікпен күресу үшін отандық табиғи шикізатты пайдаланудың ұтымды жолдарын іздеуге бағытталған.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы нәтижелердің келесі салаларға енгізілуімен расталған:

- өндіріске және нормативтік базаға: экстракт пен дайын дәрілік қалыптарды алудың технологиялық схемалары әзірленді; жаңа фитопрепараттарға арналған нормативтік құжаттама жобаларына енгізу үшін негізгі ББЗ-ды (биологиялық белсенді заттарды) сапалық және сандық талдау әдістемелері ұсынылды.

- оқу және ғылыми процеске: диссертация материалдары, соның ішінде шикізаттың морфологиялық-анатомиялық құрылымы мен фитохимиялық талдауы бойынша деректер «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ фармакогнозия және фармацевтикалық технология кафедраларының оқу процесіне енгізілді.

Орынбекова Сауле Оразмуханқызы: «Адонис (*Adonis L.*) туысының кейбір түрлерінен фитосубстанциялар жасаудың теориялық және практикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу *A. tianschanica* (Тянь-Шань адонисі) және *A. aestivalis* (жаздық адонис) өсімдіктерінен фармацевтикалық субстанциялар жасаудың толық циклін қамтитын іргелі әзірleme болып табылады. Жұмыс аясында алғаш рет шикізаттың морфологиялық-анатомиялық диагностикалық белгілері анықталды және құрамдас бөліктерді дәл сәйкестендіруге мүмкіндік беретін аса сезімтал HPLC/ESI-QTOF-MS/MS әдісін қолдана отырып, егжей-тегжейлі фитохимиялық талдау жүргізілді. Автор субстанциялардың қауіпсіздігі мен цитоуыттылығының жоқтығын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Өзіндік белсенділігі анықталды: *A. tianschanica* үшін қабынуға қарсы (NO өндірісін және IL-6, TNF- α , IL-1 β цитокиндерін төмендету есебінен) және *A. aestivalis* үшін айқын антиоксиданттық әсері дәлелденді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы әдістемеге авторлық құқық туралы куәлікпен (21.01.2025 ж. №53681) және фитоинтродукция әдісіне патентпен (№7727) расталған.

Ғылым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы: Жұмыс «Өмір және денсаулық туралы ғылым» басым бағытын іске асыру аясында орындалды және «Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының» (IV бөлім, 30-тармақ) орындалуына тікелей ықпал етеді. Зерттеу сапалы отандық фитопрепараттарды жасау арқылы қоғамдық денсаулықты нығайтуға бағытталған. GACP стандарттары бойынша өсіру технологиясын енгізу және GxP мен ICH (Q9, Q10, Q11) тұжырымдамалары аясында СОП (стандартты операциялық процедуралар) әзірлеу экономиканы жаңғырту, Қазақстанның табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану және елдің дәрі-дәрмекпен толық өзін-



өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік міндеттерге сәйкес келеді.

Жұмыс нәтижелері ауқымды тәжірибелік енгізумен сипатталады:

- өндіріске: «Fitoleum» ЖШС базасында толық циклді технология (өсіру, жинау, кептіру, сақтау) енгізілді және өндірістің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді (28.05.2025 ж. №1 акт).

- нормативтік базаға: субстанцияларға технологиялық регламент пен сапа спецификацияларының жобалары әзірленді; *A. tianschanica* және *A. aestivalis* түрлері «ҚР дәрілік өсімдіктерінің фармакопеялық түрлерінің тізбесі» жобасына енгізілді.

- оқу процесіне: субстанцияларды жасау әдістемесі мен салыстырмалы талдау бойынша материалдар «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ (2023 ж. №2 және №3 актілер) және Люблин медицина университетінің (Польша) білім беру бағдарламаларына енгізілді.

Манасов Нурлен Кыдырбайұлы: «*Cetraria islandica* (L.) Ach. дәрілік өсімдік шикізаты негізінде дәрілік заттарды фармацевтикалық әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу исландия мүгін антисептикалық және иммуномодуляциялық қосылыстардың көзі ретінде кешенді зерттеуге арналған. Жұмыста алғаш рет Қарағанды облысында өсетін *Cetraria islandica* кабаттарына микроскопия және спектроскопияның (EDS) жоғары технологиялық әдістерін қолдана отырып, жүйелі фармакогностикалық зерттеу жүргізілді. Автор ультрадыбыстық мацерацияны қолдана отырып, қою экстракт алу технологиясын ғылыми негіздеді және оңтайландырды. Жұмыстың нәтижесі спрей түріндегі инновациялық дәрілік қалыпты әзірлеу болды, ол үшін сапа көрсеткіштері анықталды, тұрақтылығы зерттелді және клиникаға дейінгі сынақтар аясында фармакологиялық тиімділігі (микробқа қарсы және қабынуға қарсы белсенділігі) дәлелденді.

Ғылым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы: Жұмыс «Өмір және денсаулық туралы ғылым» басым бағыты аясында орындалды және Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының отандық фармацевтикалық өндірісті дамыту бөлімімен тікелей сәйкес келеді. Зерттеу импортты алмастыру (импорттың жоғары үлесін — ақшалай түрде 86,6% ескере отырып) және Қазақстанның бірегей флорасын ұтымды пайдалану бойынша стратегиялық міндеттерді іске асыруға бағытталған. Тақырып денсаулық сақтау жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында көрсетілген экономиканы жаңғырту және елдің дәрі-дәрмек қауіпсіздігін нығайту мақсаттарына сай келеді.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы халықаралық танылумен және енгізулердің кең ауқымымен расталған:



- халықаралық танылу: шикізат үлгілері әлемдік жетекші сарапшылармен (Орегон штатының университеті, АҚШ) сәйкестендірілді және Миссисипи университеті (АҚШ) жанындағы Табиғи өнімдерді зерттеу ұлттық орталығының Ботаникалық репозиторийіне NCNPR #24269 нөмірімен енгізілді.

- өндіріске және нормативтік базаға: спрейді алу технологиясы мен сапа спецификациясы «ИМР» ЖШҚ (Санкт-Петербург қ., РФ) базасында сәтті апробацияланды. Шикізатқа және қою экстрактқа сапа спецификациялары әзірленді.

- оқу процесіне: нәтижелер «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕ-АҚ, сондай-ақ Санкт-Петербург мемлекеттік химия-фармацевтикалық университетінің білім беру бағдарламаларына енгізілді.

- ғылыми ортаға: нәтижелер халықаралық басылымдарда (Scopus) жарияланды және пайдалы модельге патентпен қорғалды.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау

Есепті кезеңде төрт диссертациялық жұмысты (Манасов Н.К., Аширов М.З., Муканова А.Б., Орынбекова С.О.) рецензиялау процедурасына Қазақстанның жетекші ғылыми-білім беру орталықтарынан сегіз белгілі ғалым тартылды: Бекешева К.Б. (PhD, «Qazbiopharm»), Бекежанова Т.С. (PhD, ҚазҰМУ), Тулебаев Е.А. (PhD, КМУ), Ескалиева Б.К. (х.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), Ордабаева С.К. (фарм.ғ.д., ОҚМА), Сүлеймен Е.М. (PhD, Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБҰ), Ивасенко С.А. (фарм.ғ.д., КМУ) және Жумашева Г.Т. (PhD, ҚазҰМУ). Олардың жұмысы жоғары деңгейдегі объективтілікпен, кәсібилікпен және сыни ғылыми талдау қағидаттарын қатаң сақтаумен сипатталды. Ресми рецензенттер ұсынылған жұмыстарға егжей-тегжейлі сараптамалық талдау жүргізіп, тақырыптардың фармацевтикалық саланы дамытудың мемлекеттік басымдықтарымен (GxP, импортты алмастыру) терең байланысын атап өтті, сондай-ақ ғылыми жаңалықтың дұрыстығы мен нәтижелердің өндіріске («FitOleum» ЖШС, «DOSFARM» ЖШС, «Ardo Fito» ЖШС және т.б.) және жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізілу деңгейін растады. Рецензенттер өз пікірлерінде стандарттаудың әдіснамалық аспектілері мен технологиялық регламенттерді жетілдіру бойынша дискуссиялық сұрақтар мен конструктивті ұсыныстар берді. Бұл кеңес отырыстарында жемісті ғылыми пікірталас тудырып, ізденушілердің философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сәйкестігі туралы негізді қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

Фармация саласындағы докторанттарды даярлау сапасын арттыру үшін ғылымның өндіріспен байланысын нығайту, зерттеу тақырыптарын отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың нақты қажеттіліктеріне қарай таңдау

ұсынылады, бұл ғылыми нәтижелердің өндіріске енгізілуін қамтамасыз етеді. Химия, медицина және цифрлық технологиялар тоғысындағы пәнаралық жобаларды дамыту, сондай-ақ жас ғалымдарды халықаралық GxP стандарттарына және беделді әлемдік журналдарға мақала жазу ережелеріне оқыту маңызды. Диссертациялардың барысын бақылау үшін цифрлық мониторинг жүйелерін (электрондық портфолио) енгізу және жұмыстың барлық кезеңдерінде ғылыми әдеп пен академиялық адалдықтың сақталуын қатаң қадағалау қажет.

7. Мамандықтар (кадрларды даярлау бағыттары) бөлінісінде философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны

№ р/с	Санат	Фармация	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	2	2
2	Қараудан алынып тасталған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	0	0
3	Рецензенттерден теріс пікір алынған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	0	0
4	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім шығарылған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	0	0

Диссертациялық кеңес төрағасы  Датхаев У.М.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы  Кожанова К.К.